

**Железинка аудандық мәслихатының 2016 жылғы 30 маусымдағы "Железинка ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 22/6 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2019 жылғы 3 шілдедегі № 353/6 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 шілдеде № 6471 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 486/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 30.09.2020 № 486/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Железин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Железинка аудандық мәслихатының 2016 жылғы 30 маусымдағы " Железинка ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 22/6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5176 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Железинка ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

9-тармақтың 10-б) тармақшасы алынып тасталсын;

10-тармақтың 4) тармақшасының екінші абзацында "7" саны "10" санымен ауыстырылсын;

9-тармақ келесі мазмұндағы 10-8) тармақшамен толықтырылсын:

"10-8) атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарындағы отбасыларға";

10-тармақтың 2) тармақшасы келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"осы Қағидалардың 9-тармағының 10-8) тармақшасында көрсетілген санаттарға коммуналдық қызметтердің шығындарын өтеу үшін 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде, халықты жұмыспен қамту орталығымен ұсынылатын тізімнің негізінде."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық дамыту және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Т. Сарсенов  
П. Лампартер*